

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ  
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY  
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022**  
**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**  
**ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»**  
**халықаралық ғылыми-практикалық конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**PROCEEDINGS**  
**of the international scientific and practical conference**  
**«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE**  
**INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»**

**Астана қаласы**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
А 94

*Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

**А 94** **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

М.Дулатов, Е.Омаров сықылды замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін паш еткен.

Әттең-ай, бір дәуірдің бүтін салмағын бірге көтере алған төл перзенттерінің осы ұлы достығын, құдай көп көрмеген шығар, КСРО-ның қызыл-ит қызғанышы көп көрді. Қазақтың сүт бетіне шығар қою қаймақтарын кеңестік қисық қылышымен олай сапырды, былай сапырды. Оңға бұлғады, солға бұлғады. Одақтық орағымен баудай орды. Білем сапты балтасымен жапырды. Әлінің жеткенінше, қолынан келгенінше қоныштан басып, сүзіп алып, лақтырып тастауға тырысты. Ол көздегендері де орындалып жатты. Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы да өзінің сенімді серіктестері, мүдделес әріптестері, асыл достары Міржақып, Әлихантар секілді репрессияның қыл тұзағына ілініп, халқы үшін құрбан болып кете барды.

Міне қазір, біз сол қуғын-сүргінге ұшыраған ата-бабаларымыздың соңында қалған ұрпағымыз деп мақтан етеміз. Орынды шығар. Бірақ, олар ұлыларымыз еді ғой. Қаймақтарымыз еді. Қою еді. Құнарлы, нәрлі еді. Ал біз сылдыраған судай сұйық, дәмсіз-нәрсіз сүттің сарқыты сияқты боп қалғандай көрінеміз кейде...

## БІЛГЕ ТОНЬКӨК ЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ГҮЛДЕНГЕН ДӘУІРІ

*ЖИЕМБАЕВА Г.Т.,*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,*

*PhD доктор.*

*ЖИЕМБАЙ Б.С.,*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,*

*PhD доктор.*

*Астана, Қазақстан*

**Аннотация.** Статья посвящена памятнику Тоньюкук, одному из наиболее значительных образцов древнетюркского культурного наследия. В частности, рассматривается уровень научного изучения надписи Тоньюкука, анализируются существующие точки зрения исследователей по отношению к событиям эпохи, рассматриваемым на основе поэтического текста. Подробно рассматривается образ Билге Тоньюкука: авторы рассматривают этимологию имени Тоньюкук на основе лингвистических данных, взглядов исследователей, раскрывают образ Тоньюкука в соответствии с композиционной структурой произведения, рассматривают его место в тюркской истории и литературе.

**Abstract.** The article is devoted to the Tonyukuk monument, one of the most significant examples of the ancient Turkic cultural heritage. In particular, the level of scientific study of the Tonyukuk inscription is considered, the existing points of view of researchers in relation to the events of the era, considered on the basis of a poetic text, are analyzed. The image of Bilge Tonyukuk is examined in detail: the authors examine the etymology of the name Tonyukuk on the basis of linguistic data, the views of researchers, reveal the image of Tonyukuk in accordance with the compositional structure of the work, consider its place in Turkic history and literature.

Әр дәуірдің маңызды оқиғаларын сол кезеңнің танымал тұлғалары – ақын-жыршылары мен ойшылдары жырға қосып, тарихқа айналдырып, кейінгі ұрпағына мирас етері бізге мәлім. Түркі халықтарының мәдениетінде ғана емес, әлем тарихы мен мәдениетінде маңызды орын алатын, Селенга, Орхон өзендері бойынан табылған Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөкке арналған бітіктастағы жазулар – бай рухани мұрамыз. Бұл жәдігерлер түркі халықтарының тарихы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті, дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен құнды деректер беретін баға жетпес қазына екендігі күмәнсіз.

Тоныкөк ескерткіші маңызды бөлігі саналатын Орхон-Енисей жазба мұралары туралы ғылымда алғашқы мәліметтердің жинақталуы Н.К. Видзен, С.У. Ремезов, И.Ф. Стралленберг, Д.Г. Мессершмидт, Г.И. Спасский, Н.М. Ядринцев, А.В.Адрианов, А. Гейкель, Д.А. Клеменц, Г.Н. Потанин, И.П. Кузнецов, И.Р. Аспелин есімдерімен байланысты болса, бұл мәтіндердің

жариялануы, оқылуы мен транскрипциялануында, аударылуында, тілдік ерекшеліктерінің айқындалуында В.Л. Томсен, В.В. Радлов, С.Е. Малов, П.М. Мелиоранский, С.В. Киселев, В. Банг, Р. Aalto, G. Clauson, Ю. Немет, М. Рясянен, Т. Текин, Х.Н. Оркун, А. Габен, В.М. Насилов, И.А. Батманов, А.Н. Кононов, И.В. Кормушин, О. Субракова, Ғ. Айдаров, А.С. Аманжолов, әдеби көркемдігінің, жанрлық сипатының айқындалуы тарапынан А.Н. Бернштам, А.М. Щербак, И.В. Стеблева, Л.Ю. Тугушева, М. Жолдасбеков, тарихи және этноархеологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеуде А.О. Гейкель, Г.И. Рамстедт, Н.Я. Бичурин, Л.Н. Гумилев, Д.Д. Букнич, В.П. Васильев, С.Г. Кляшторный, В.А. Лившиц, Ф. Хирт, В.В. Бартольд, Д. Баяр, П.К. Козлов, В.Л. Котвич, В.Д. Кубарев, Л.Р. Кызласов, В.Я. Бутанаев, Қ. Сартқожаұлы секілді белгілі ғалымдардың іргелі зерттеулері ерекше орынды еншілейді.

Білге Тоныкөктің бәдіздеп тасқа қашап қалдырған ескерткішін 1897 жылы Д.А. Клеменц тауып, мәтін суретін ғылым әлеміне таныстырған соң зерттеу жұмыстары басталды. Тоныкөк ескерткішіндегі мәтіндерді 1889 жылы В.В. Радлов оқып, транскрипциясын, аудармасын түсіндірмелерімен жариялады [1]. В.В. Радлов еңбектерінен кейін Білге Тоныкөк ескерткіштеріне байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. 1899 жылдың күз айларында келген Г.И. Рамстедт қайтар жолында жиған материалдарын жоғалтып алады. В.В. Радловтың еңбектерін де оқыған Г.И. Рамстедт 1909 жылы ескерткіштерге екінші рет барғанда оны түпнұсқасымен салыстырып, түзетулер жасайды, суреттерін түсіріп алады, бұл материалдарды дат ғалымы В. Томсенге береді. Тоныкөк ескерткішіне байланысты археологиялық қазба жұмыстарын Б.Я. Владимирцов, Б. Бародин, Н. Сэр-Оджав жүргізеді. Кейіннен ескерткіш Е.И. Убрятов, В.М. Надеяев, С.Г. Кляшторный, тағы өзге ғалымдар тарапынан тыңғылықты зерттеле бастайды да, көп ұзамай әлем ғалымдарының қызығушылығын арттырады.

Тоныкөк ескерткіші Моңғолияның астанасы Ұлан-Батордан оңтүстік-шығысқа қарай 66 шақырым жердегі Баин-Цокто төбешігі деп аталатын алқаптағы тарихи орында, Налайха елді мекені мен Тола өзенінің оң жағалауында орын тепкен. Ескерткіш төртбұрышты, кіре берісі шығыс жағында, үш негізгі бөліктен тұрады. Ескерткіштің шығысында екі жазба тас орналасқан: бұл тастардың біріншісінің биіктігі – 2,43 м, екіншісі – 2,17 метрді құрайды. Жазба тастардың төрт жағы да түрк тілінде жазылған: бірінші жазбада – 35, екінші жазбада – 27 жол бар. Ескерткіштің батыс жағында 2,60 м. x 2,60 м. өлшеміндегі алаңда төрт тұтас бөліктен тұратын тас табыт орналасқан. Бұл тастардың ұзындығы – 2,60 м, биіктігі 1,50 м. Осы тас табыттың солтүстігінде 1,50 м. x 1,50 м. өлшеміндегі кішкене тас табыт қалдығы бар. Ескерткіштің сыртқы жағында батыстан шығысқа қарай 1250 метр жерде балбал тастары тізілген. Осы аралықта шамамен 500 шақты балбал орналасқан [2, 30-61 бб.]. Ең жақсы сақталған балбал тастары да осы Тоныкөк ескерткіштеріндегі балбал тастары. Қазіргі таңда бұл балбалдардың бір бөлігі құлаған, жоғалған, топыраққа көміліп қалған. Балбал тастар Білге Тоныкөктің соғыс майданында өлтірген дұшпандарының санын білдіреді-міс.

Көктүрк мемлекеті билігінде үлкен із қалдырған, түрк тарихында маңызды орын алатын оқшау тұлғалардың бірі – Тоныкөк. Оның есімі Құтлығ Елтеріс қаған, Қапаған қаған, Білге қаған, Күлтегін сияқты түрк мемлекетінің қағандары мен мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен қатар аталады. Ол – Елтеріс, Білге қағандардың ақылгөй дем берушісі, талай жорықтарға бастап, жауды талқандаған қолбасшы, батыр. Көзі тірісінде ескерткіш қойып, оған еліне арналған жырларын қашап жаздырған Тоныкөк – Көктүрк мемлекетінің ең басты мемлекет қайраткерлерінің бірі.

Абыздың есімі тарихи дереккөздерде көбіне Білге Тоныкөк деп аталады. Ең жоғары дәрежелердің бірі саналатын *білге* атауы «дана, ақылды, ғұлама» мағынасын білдірген [3]. Тоныкөк есімінің өзі зерттеушілер тарапынан түрліше аталғанымен, отандық ғылыми еңбектер мен оқулықтарда Тоныкөк деп жазылып келеді, ал Қытай деректерінде *Тон-йо-гу*, *Туньюйгу* түрінде ұшырасады. Тоныкөктегі алғашқы буын *тон*, *тун*, *той*, *туй* түрінде оқылады. А. Жафероглы *тон* сөзінің мағынасы «киім» екендігін атап өтеді [4]. *Тун* сөзі М. Қашқари еңбегінде *тун пала* – «тұңғыш бала» мағынасында қолданылған. *Той* сөзі де

«мереке, той» [4, 248 б.], *туй* – «халық» [3, 664 б.] мағынасында ұшырасады. Кейінгі буындардағы *ук* – «ұғу, түсіну», *окы* «оқу» мағыналарында қолданылады [3, 687- 688 бб.]. Илхами Дурмуш *тун* – «алғашқы», *окы* – «оқу» болса, Тоныкөк есімі «*алғашқы оқыған*» деген мағынада қолданылған деп атап өткен. Т. Текин Тоныкөктің «бас уәзір» мағынасында да қолдануы мүмкін екендігіне тоқталған [5], ал «Тоныкөк» мәтінін 1961 жылы француз тіліне аударған Р. Жиро «тоны құтты болған адам» деп талдаған [6]. С.Г. Кляшторный Тоныкөк есімінің екі түбірден құралғанын алға тарта келе, Тоныкөктің қытайша аты – *Юаньчжень* де екі түбірден: бірінші бөлігі *юань* – «тұңғыш», яғни түркіше «тоң» мағынасына сәйкес, ал – *чжень* – «байлық», «қазына», яғни көне түркіше «*joquq*» (ақық, жақұт) мағынасына келетінін салыстырмалы тұрғыдан зерделейді [7].

Композициялық құрылымға сай құрылған тарихи жыр бірнеше тақырыпты біріктіретіндігін және бірінші жақта (I жақ), меморианттың өз тарапынан баяндалатындығын зерттеуші ғалымдар атап өтеді. Жырдың кіріспесі Елтерісті қаған етуінен басталса, әрі қарай оғыздармен соғыс, Қытайға жорық, қырғыздармен, түргештермен соғыс, Орта Азияға жасалған жорық баяндалады. Сондай-ақ әскери жорықтар циклы қорытындылана келе, Қапаған қаған билеген тұстағы түрк мемлекетінің маңыздылығы мен Тоныкөктің атқарған рөлі де кеңінен сипатталады. Дегенмен дәл жырда бейнеленген жорықтардың Елтеріс қаған билік еткен тұста (682-691 жж.) не Қапаған қаған кезінде (691-716 жж.) болғаны нақты көрсетілмегенімен, тарихи жырдың туған уақыты осы мезгілдердің аралығын қамтитыны анық. Зерттеуші тарихшылардың көпшілігі бұл тақырып тұрғысында өз талдаулары мен пайымдауларын ұсынады. В. Томсен ескерткіш мәтінінде *Bilge qaγan* тіркесінің үш жерде ұшырасуын негізге ала отырып, жырдағы оқиғаларды Білге қаған кезеңімен байланыстырады [8, 327-337 бб.]. Ал И.В. Кормушин Тоныкөк жазбасының жазылған уақытын мәтіндік талдаулар негізінде Қапаған қаған билік еткен тұстағы оқиғалар жазылуы әбден мүмкін деген тоқтамға келеді [9].

Жыр мәтіні «*Білге Тоныкөк, мен өзім, табғаш елінде тәрбиелендім*» деген жолдармен басталады (*Білге Тонукук беп өзүм табғаш еліне қылынтым*). Ғұмырының белгілі бір бөлігін Қытайда өткізген Тоныкөктің бастапқы білімін де сол жерден алғандығы жырдан мәлім. Ол қытайлардың арасында өскендіктен, оларды жақсы танып-білу мүмкіндігіне ие болады. Кейіннен түріктердің екі көтерілісі орын алып, соңғы көтеріліс үстінде, қан майданда батыл шешім жасап, Елтерісті таққа отырғызады, әскери жорықтарда жеңіске қол жеткізіп, нәтижесінде түркілер Өтүкен қойнауына тұрақтайды. Осылайша Білге Тоныкөк ежелгі түркілердің үш ұрпақ қағанына ақылшы болып, жырда дала данасының ел бастаған ерлігі, жанкешті жорықтары, көрегендігі, шытырманнан жол тапқан айласы, өнегелі өмірі жырланып, оның сұңғыла стратег, аса ірі саясаткер, парасатты соғыс маманы, шебер де айлалы қолбасшы бейнесі сомдала түседі.

Білге Тоныкөктің қашан дүниеге келгендігі жырда баяндалмаған. Қытай деректемелерінде 716 жылғы оқиғалар баяндалғанда Білге Тоныкөктің 70 жаста болғандығы атап өтіледі [10, 170-171 бб.]. Түрік ғалымы О. Серткая Тоныкөктің 646-647 жылдары дүниеге келгендігін жазады [11, 288-291 бб.]. Тоныкөктің бастапқыда Қытай билігіндегі аймақтарды мекендегенін тарихи жазбалар растай түседі. Құтлығтың маңайын паналаған Тоныкөк даналығы мен көрегендігі, әскери істерді жақсы білгендігі арқасында *ана тарқан* атағын иеленген. Осылайша әскери істер мен аттарды басқару толығымен оның билігінде болған. Тоныкөктің жаңа құрылған мемлекет істеріне араласып, үлкен ықпал етуі бұдан кейін орын алатын оқиғаларға да өз әсерін тидірмей қоймады [12, 13 б.]. Көптеген жылдар бойы күншілдік пен бақталастықтың кесірінен табғаштарға бағынып, әлсіреп, жойылуға шақ қалған түрк халқын Елтерісті қаған сайлай отырып, өзі ақыл иесі, сөз иесі болып, Тәңір жарылқап, мемлекет құрып, үлкен жетістіктерге қол жеткізеді.

Данагөй, кеңесші, халық арасынан шыққан алғашқы уәзір, бас қолбасшы атанған Білге Тоныкөк өмірін *аз халықты көп қылуға, кедей халықты бай қылуға* арнаған. Ол түркі тайпаларының басын біріктіріп, қағанаттың өркендеуі жолында талай жорықтарды басқарды және әрдайым жеңіске жетіп отырды. Тоныкөктің түркі қоғамында беделді тұлға болғандығы,

мемлекет құру жолындағы ерліктері жазба ескерткіштерде былайша баяндалады: *Анта кісре теңрі біліг бертук үчун өзүм оқ қаған қусдум. – Сөйтін, Тәңір ақыл берген соң өзім оны қаған еттім (Тон. 90 б.) Біліг есі, саб есі бен көртүм. – Ақыл иесі, сөз иесі мен болдым (Тон. 90 б.). Түрк будунуғ Өтүкүн йерке, Бен өзім білге Тонукук Өтүкүн йеріг қонмус, тейін есідін, Берійеки будун, қуруйақу, йур-йақу, Өңрекі будун келті (Тон. 94 б.). – Түрк халқы Өтүкен жеріне, Мен өзім – Білге Тоныкөкті Өтүкен жеріне келді дегенді есітін, Түстік халықтар, батыстық, терістік, Шығыстық халықтар келді (Тон. 95 б.). Йеті йүз кісіг удузуғма, Ұлуғ шад ерті. Йағул! – тіді. Йағмусу бен ертім – Білге Тоныкук (Тон. 88 б.). – Жеті жүз кісіні ерткен, ұлығы шад еді. Илесіңдер! - деді. Илескен мен едім – Білге Тоныкөк (Тон. 89 б.).* Жазбалардан байқағанымыздай, Білге Тоныкөк дұшпандарының ең әлсіз тұстарын байқап, кімге, қалай, қашан соғысатынын белгілі бір күнтізбеге сай белгілеп отырған. Қаншама рет дұшпандарына қарсы соғысқа аттанып, соғыста үлкен жетістіктер мен жеңіске жетіп отырғандығы жазбаларында жиі кездеседі.

Жырдың басынан аяғына дейін Тоныкөк өзінің қарым-қабілетін жоғары сипаттап көрсете біледі, өзі туралы қоғамдық ойды да өзі қалыптастырады: табғаштар, оғыздар мен қидандар түрк қағаны мен кеңесшісі туралы жырда былай ойлайды: *Қағану алп ерміс, айғучусу білге ерміс. – Қағаны алып екен, ақылгөйі білгір екен (Тон. 96 б.). Түргес қағанта көрүг келті, Сабу антег: Қағану алп ерміс, Анғұчусу білге ерміс, Кач нең ерсер бізні өлтөртечі үкүк, - тіміс. – Түргеш қағанынан елші келді. Сөзі мынадай: қағаны алып екен, ақылгөйі кемеңгер екен. Қалай етсек те бізді талқандары анық, - депті (Тон. 100 б.).*

Дұшпандарының сөзін естіп, Тоныкөк былай дейді: *Ол сабуғ есідін, Түн удусукум келмеді, Күнтүз олурсукум келмеді. Анта өртү қағанума өтүнтүм. – Осы сөзді есітін, Түнде ұйқым келмеді, Күндіз отырғым келмеді. Ақыры, қағаныма өтіндім (Тон. 97 б.).* Тоныкөктің бұл сөз қолданыстары ұйқы мен түн тыныштығынан айырылып, елі үшін уайым-сарсаңға түскен, қам жеген адамның ішкі толғаныстарын бейнелейді [13].

Тоныкөк дұшпандарының басын біріктірмей, олардың бірінші шабуыл жасауын күтпестен өзі шабуылдайды. Құтлығ пен Тоныкөк алдымен Солтүстік Қытайдағы Йүн-чу аймағына шабуыл жасайды [10, 306 б.]. Орналасқан жері мен ауа-райы қолайлы, Азия ғұндары мен Бірінші Көктүрк қағанатының басты орталығы болған, түркілердің құтты мекені Өтүкен жерінде жан-жаққа бытыраған түркі ру-тайпаларын жинап, билік құру үшін Өтүкенді алуды мақсат тұтады. Оғыздарды жеңгеннен кейін басқа оғыз тайпалары топталып, көктүріктерге келіп қосылады. Құтлығ немесе Елтеріс қағанның кезеңіндегі болған барлық соғыстарға Білге Тоныкөктің қатысқандығы жазбада былайша баяндалады: *Елтеріс қаған біліг есін үчун, алпун үчун Табғачқа йеті йегірмі сүңүшіді, Қуданқа йеті сүңүшіді, Оғузқа бес сүңүшіді, Анта айғұчу йеме бен өк ертім. Йағучусу йеме бен ертім, Илтеріс қағанқа, Түрк Бөгү қағанқа, Түрк білге қ...Түн удумату, Күндіз олұрмату (Тон. 108 б.). – Елтеріс қағанның ақылдылығынан, батырлығынан табғаштармен жиырма жеті (рет) соғысты. Құтандармен жеті (рет) соғысты. Оғыздармен бес (рет) соғысты. Сонда ақылгөйі де мен едім, дем берушісі де мен едім. Елтеріс қаған үшін, Түрк Бөгі қаған үшін, Түрк Білге қаған үшін, Қапаған қаған үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым (Тон. 108 б.).* Тоныкөк Қапаған қаған кезеңінде де түркі халқы, түркі мемлекеті үшін аянбай еңбек етті. Қапаған қаған мен Тоныкөк басқарған мемлекет күн демей, түн демей желіп барып қырғыздарды ұйқыда басады, он оқтың бектері мен халқын да бағындырады.

Тоныкөктің дала философиясын бойына сіңірген даналық қасиетін: *«жұқаны таптау оңай, жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалың болса, алып қана таптар, жіңішке жуан болса, алып қана үзер»* деп мақалмен мақамдап, ақылмен астарлап сөйлеуінен байқалады. Бұл – елді салмақтап тең басқаралық, асыл мен жасықты ажырата білейік деген терең толғанысы. Оның елінің тарихын жетік білуі мен келешекті болжай білген көреген саясаты әскери және басқару қызметтерінде үлкен жетістіктерге жетуіне себепкер болды.

Тоныкөк – түгел түркіге өсиет айта білген, *«елінің біліктісі, сөз иесі»*. Академик М.О. Әуезов 1934 жылдары жазған белгілі зерттеуінде Тоныкөк жазуында оның жорықтары ғана емес, мәмілегерлік істері, соғыс тактикасы, ғибратты мағынадағы өсиеттері жазылғанына

ерекше зер салып, жалпы Орхон жырларының сюжеттік арнасы, асыл табиғаты қаһармандық эпосқа баспалдақ болуы ықтимал құбылыс екенін атап өтеді [14]. Ұлы жазушы осы пікірлері арқылы Тоныкөктің батыр ғана емес, көзі тірісінде мәрмәр тасқа өсиетін бәдіздеген ғибратты би, батырлық эпосты тудырушы тұңғыш жырау болғанын меңзейді.

М. Жолдасбеков Тоныкөктің кемеңгерлігін бірнеше ханға ақылгөй болған Бұқар жырауға, оғыз батырлары жайындағы мол жырларды шығарған Қорқытқа теңейді. «Орхон жырларындағы Тоныкөк те небір жорықтардың куәгері, ізінше сол соғыстар жайында әсерлі дүниелер тудырған эпикалық өнердің иесі. Сонда біздің Тоныкөк деп отырғанымыдың өзі, ең алдымен жырау болып шығады. Екіншіден, Тоныкөк – ақылды қолбасшы. Оның есімімен білге эпитеті (Білге Тоныкөк) үнемі егіз аталып отырады. Біздіңше, бұл Тоныкөктің сондайлық ақылдылығына сәйкес халықтың бертіндегі қосып берген аты. «Ақыл иесі, сөз иесі болдым» дейді бір сөзінде Тоныкөк. Соған қарағанда оның әрі ақылды, әрі сөзге шешен болғандығы аңғарылады [15, 177 б.].

В.В. Бартольд Тоныкөктің тұлғасын француз саясаткері әрі дипломаты, әйгілі Талейран Перигормен теңестіреді [16]. Ал қытай деректерінде «Тоныкөк – көпті көрген байсалды, қартайған сайын ақыл-парасаты асқан, құдды (қытайлық) Ли цинь мен Шицзи сияқты дана адам» деп сипатталған. Бұлардан өзге, қытай елшілері мен саяхатшылары оны көреген саясаткер, ақылды әрі айлакер қолбасшы ретінде баяндайды [17]. Көзі тірісінде өз атынан өзіне ескерткіш орнаттыруы да, мәтінде басынан аяғына дейін үнемі «мен» деп сөйлеуі де, оның тарихта өз атын қалдыруға қам жеген саясатшылдығын дәлелдей түседі [18, 178 б.].

Тоныкөк ескерткіші мәтінін толықтай адамның ақыл-ой шеберлігінің үлгісі ретінде тануға болады. Ой толғай білу, сенім, күдік-күмән, болашақты болжау және жағдайдың, істің егжей-тегжейлі сарапталуы Тоныкөкті көне түрк қоғамының қайталанбас тұлғасы ретінде аша түседі: ол бітімгер елші, мықты саясаткер, ақылды кеңесші. «Ақылды» концептісі Тоныкөкке қаратылып айтылғандай, мәтінде ол өзін де «ақылды Тоныкөкпін» дейді [19].

Тоныкөк ұр да жық асығыстың келте адамы емес, алдағыны күні бұрын болжап білетін сергек ойшыл. Небір қиын-қыстау күндерде қай мәселенің тұсында да асықпай-аптықпай, «осылай етсем ше?» деп, өзіне сауал қойып барып, шешімін содан соң іздейді. Әлсіреп жойылып бара жатқан түрк халқын қайта біріктіріп, қайтадан ел ете алатын басшыны сайлаудан бұрын Тоныкөк: «Арық бұқаның, семіз бұқаның барын білер ме екен?» деп толғанады. Бұл оның ақсүйектер мен бұқараны өштестірмей, жауықтырмай ұстай алар ма екен, жақсы мен жаманды ажырата алар ма екен дегені еді.

Жыршы Тоныкөк өз қағанының да көрегенділігін, парасаттылығы мен кемеңгерлігін үнемі айтып отырады: *Елтеріс қаған біліг есін үчүн, алпун үчүн. – Елтеріс қағанның ақылдылығынан, батырлығынан. Қағанум, бен өзүм білге Тонукук өтүнтүк өтүнүчүмін есідү: кеңлуңча удуз тиді – Қағаным мен өзім Білге Тоныкөк өтінген өтінішімді тыңдады: көңіліңдегіше баста, -* деді (Жолдасбеков, 2017).

Тоныкөктің данышпандық қасиетін түрк халқының жаулары да мойындайды. Түркерден сескенген қидандар, табғаштар, оғыздар өздерінің одақтастарына елші жіберіп, ақыл қосып, күш біріктірудің қажеттігін қайта-қайта пысықтап, әбіржіп жатады. Өйткені олардың айтуынша, түрк халқының «қағаны – алып, ақылгөйі – кемеңгер. Осы екеуі тірі болса, бізге жеңу жоқ» деп налиды. Мұндағы түрк халқының ақылгөйі деп отырғаны – Тоныкөк.

Тоныкөк – айлакер, әскери әдістердің жетік білгірі. Оғыздар, табғаштар, құтандар түрк халқына қарсы аттану үшін күш қосқалы жатыр дегенді естіген Тоныкөк күні-түні алдағы болғалы тұрған апаттан құтылар жолдарды, тәсілдерді ізденеді. Ақыры күллі ел болып, соның дегеніне көшеді. Тоныкөктің ойынша «жұқаны бүктеу оңай, жіңішкені үзу оңай, ендеше ол үшеуі бірігіп күшеймей тұрғанда шабуылға түрк жауынгерлерінің өзі шығып, оларды шетінен біртіндеп талқандау керек». Көпті көрген, өмірден түйгені мол Тоныкөктің ақыл-айласы түрк халқына жеңіс әпереді. Жауға ойламаған жерден, дәл осылай, тұтқиылдан шабуыл жасау, бұл да қатал сындардан қапысыз өткен ең сүйікті әскери әдістерінің бірі.

Тоныкөк – жауапты, шешуші жорықтарға қол бастаған ерен батыр. Оның қайсар, батырға тән ерлігі мына бір үзіндіден айқын көрінеді: *«Алтын тауын асып келдік, Ертіс өзенін*

кешіп келдік. Көп екен деп неге қашамыз, Азбыз деп неге қорқамыз. Неге басындырамыз? Шабамыз!» Мұнда мұқалмас жігер, орасан батылдығы бар.

Өздеріңізге мәлім, Білге қаған таққа отырғанда, оған кеңесші болған қарт данышпан жетпіс жаста еді: «*Өзім қартайдым, Ұлық болдым...*» деген жолдардан біз оның ұлғайған шағын көреміз. Бірақ кәрі тарлан қартайдым деп отырмаған, өле-өлгенше түркі халқының қамында болған: «*Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым, Бүкіл түрк халқына қарулы жау келтірмедім, атты әскер жолатпадым*» деген жолдар Тоныкөк өмірінің мақсаты мен нәтижесіндей [18, 96 б.].

Түрк бітіктас жырлары кез келген тарихи жырларда болуға тиісті көркемдік талаптарға толық сәйкес келеді. Онда көркем шығарманың композициялық құрылысындағы барлық детальдардың басын біріктіретін тәсілдер – шығарманың ішкі мазмұны мен сыртқы формасы, яғни сол дәуірдің боямасыз шындығы мен сол шындықты поэтикалық суреткерлікпен жеткізетін көркемдік өрнектер аса шеберлікпен ұштастырылған. Өшпес мұра саналатын Тоныкөк жазбаларының мақсаты да мәтін мазмұнынан анық көрінетіндей. Яғни бұл біріншіден, келер ұрпаққа мықты, бай, қуатты мемлекет құру ісіндегі озық тәжірибені көрсету, екіншіден, өз халқын жаудан қорғау жолында мыңдаған әскерді басқару қабілетін беру және әскери-патриоттық, саяси тәрбиені өсиет ету. Сондай-ақ бұл жазбалардан түрк халқының тұрмыс-тіршілігі, туыстық қатынастар мен ұлттық педагогика элементтері де молынан ұшырасады.

Білге Тоныкөк жетпістен асқан жасында түгел түркіні аузына қаратқан абызға айналып, «*елімнің білік иесі, сөз иесі мен болдым*» деп толғаған. Сөз иесі, білім иесі, бітік иесі, ел иесі болған дарабоз бабаның рухы асқақ, ғибраты «Мәңгілік ел» ұрпағына өнеге болары анық. Аталған мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі бекіткен BR10965370 «Ұлы Жібек жолының топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты мақсатты-бағдарламалық жоба аясында дайындалды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Radloff W. Die Inschrift des Tonjukuk. – St.-Petersburg: L'Academie Imperiale des Sciences, 1899. – 1034 p.
2. Aalto P. and others, Materialien zu den alttürkischen Inschriften der Mongolei // JSFOu, LX: 7, 1958. – S. 30-61.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – 595 б.
4. Caferoğlu A. Türk dili tarihi. – Istanbul: Enderun Kitabevi, 1964. – 215 s.
5. Tekin T. Tunyukuk Yaziti. – Ankara: Simurg, 1994. – 89 s.
6. Rene G. Tonyukuk'un Orhon'dan Demir Kapı'yagidiş yolu. – Paris: Adrien Maisonneuve, 1961.
7. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПб.: филол. фак. СПбГУ, 2003. – 559 с.
8. Томсен В. Дешифровка Орхонских и Енисейских надписей // Записки Восточного отделения Императорского русского археологического общества. Том 8. – Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии наук, 1894. – С. 327-337.
9. Кормушин И.В. Тюркские Енисейские эпитафии. Тексты и исследования. – Москва: Наука, 1997. – 303 с.
10. Liu Mau-Tsai Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Türken. Bd. I. – Wiesbaden: Otto Harrassowitz, 1958.
11. Sertkaya O.F. The first line of the Tonyukuk monument // CAJ, XXIII, 3-4, 1979. – S. 288-291.
12. Таşaғұл А. *Gök-Türkler*. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2003. – 147 s.
13. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л.: Изд.-во Академии наук СССР, 1951. – 455 с.
14. Әуезов М.О. Шығармалар жинағы. 19 том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
15. Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін, 2012. – 344 б.
16. Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – Москва: Восточная литература РАН, 2002. – 757 с.
17. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Москва: Издательство Академии наук СССР, 1950. – 379 с.



18. Жолдасбеков М. Көне түрк жазба ескерткіштері. – Астана: Ғылым, 2017. – 288 б.  
19. Шаймердинова Н.Г. Древнетюркская картина мира в текстах письменных памятников. – Астана: ЕНУ, 2014. – 261 с.

## ПОЭТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТВОРЧЕСТВА РАМИ ГАРИПОВА

*АЛИБАЕВ З,  
кандидат филологических наук,  
доцент кафедры башкирской  
литературы и культуры Башкирского  
госпедуниверситета имени М.Акумлы,  
Уфа, Россия*

У каждой национальности существует уникальное, неповторимое литературное наследие, накопленная тысячелетиями народная мудрость, вдохновляет Вселенную, завораживает наши души, преподносится современникам благодаря поэтам. Они становятся родным сыном и лицом народной мудрости. Их творческое наследие увековечивается высшим эстетическим законом искусства слова. Среди них автор классических поэтических произведений послевоенного периода, народный поэт Башкортостана Рами Гарипов. За свою короткую жизнь он создал источник, который берет начало с родной земли и вливаясь в большую реку образует чистый и могущественный родник.

Рами Ягафарович Гарипов родился 12 февраля 1932 года в деревне Аркаул Салаватского района Башкортостана. Его детские годы приходятся на суровые годы Великой Отечественной войны. Когда война забрала его отца, ему было всего 11 лет, а кроме него в семье было еще трое детей. Поэтому все тяготы и трудности ложатся на его плечи. В военные годы и после войны он пасет коней, наряду со взрослыми косит сено, проливает пот в тяжелых полевых работах, переплавляет плот по бушующей реке Юрюзань. Свободные от домашних и колхозных дел часы Рами посвящал чтению. Семилетнюю школу окончил в Аркауле, затем учился в уфимской средней школе № 9 (ныне - Башкирская республиканская гимназия № 1 им. Р.Гарипова).

В печати впервые имя Р. Гарипова проскальзывает в 1950 году. В этом же году окончив Уфимскую среднюю школу № 9 по рекомендации Союза писателей Башкортостана поступает в Литературный институт им. А.М. Горького, там в течение пяти лет он получает знания. По окончании института работал в редакциях газеты «Совет Башкортостаны», журнала «Агидель», в отделе художественной литературы Башкирского книжного издательства.

В 1959-1964 гг. Р.Гарипов жил в родных краях, работал секретарем в комсомольской организации колхоза «Юрюзань» и совхоза «Саргамыш» Салаватского района, заведующим отделом районной газеты. В 1964-1966гг. – литературный сотрудник газеты «Совет Башкортостаны», в 1968-1972гг. – ответственный секретарь журнала «Башкортостан кызы».

Рами Гарипов начал печататься в 1950 г. Первое стихотворение было опубликовано в журнале «Литературный Башкортостан». Первая книга стихов «Юрюзань» (1954) была дипломной работой студента Литературного института.[1,с.77]

Р. Гарипов оставил бессмертное творческое наследие, которое пронизывая века вечно будет жить в сердце народа. При жизни выходят 7 его книг. Сборники стихов «Каменный цветок» (1958), «Песни жаворонка» (1964) он посвятил родному краю, природе, своим землякам. В последующих сборниках «Полет» (1966), «Заветное слово» (1969), «Горицвет» (перевод на русский - 1964), «Рябинушка» (1974) чувствуется тяготение к философской лирике. Размышления о смысле жизни, об исторической судьбе народа, о духовной связи поколений, тревога за будущее родного языка и культуры определили суть поэзии Р.Гарипова. Он часто обращается к башкирскому поэтическому творчеству, особенно к жанрам кубаира и к классическим народным песням. Большая заслуга Р.Гарипова – в возрождении и развитии